

Қазақстан Республикасының бас қаласы - Астана қаласының қала маңы аймағының уақытша шекарасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысының әкімі мен Ақмола АЭА Әкімшілік кеңесінің бірлескен шешімі 1998 жылғы 23 қазандағы N 26 1998 жылғы 26 қазандағы N 5 Ақмола облысының әділет басқармасында 1999 жылғы 6 мамырда N 23 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 22.04.2013 № 11 шешімімен.

Мемлекеттің бас қаласы ретінде Астана қаласының аумақтық өсу келешегін, қала маңының тұрғын және рекреациялық аймағын құру қажеттілігін, сондай-ақ қазіргі кезде қаланы дамытудың бекітілген Бас жоспарының жоқ екендігін ескере келіп, Ақмола облысының Әкімі мен Ақмола АЭА Әкімшілік кеңесі шешті:

1. Астана қаласының қала маңы аймағының қосымшаға сәйкес уақытша шекарасы (Астана қаласын дамытудың жаңа Бас жоспары бекітілгенге дейін) бекітілсін.

2. Қала маңы аумағынан жер телімдерін бөлу, сондай-ақ жеке меншік құқығына және жерді пайдалану құқығына беру белгіленген тиісті заң тәртібімен Ақмола облысының Бас сәулетшісімен және Астана қаласының Бас сәулетшісімен келісілгеннен кейін жүргізіледі.

*Ақмола облысының әкімі
Астана қаласының Әкімі,
Ақмола АЭА Әкімшілік
кеңесінің төрағасы*

С.Кулагин

Б.Досмағамбетов

Ескерту: Қосымшаны орыс мәтіннен қараңыз.

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.